

Электр энергиясын тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында беру және (немесе) тарату жөніндегі қызметтерді ұсыну жөніндегі «Пауэр Нетворкс» ЖШС-нің 2024 жылғы қызметі туралы есеп

24.04.2025 ж. сағ.15.30

Теміртау қаласы

Кәсіпорынның қысқаша сипаттамасы

«Пауэр Нетворкс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Қарағанды қаласының әділет басқармасында 2004 жылғы 26 ақпанда тіркелген, тіркеу нөмірі № 13552-1930-ЖШС. Теміртау қаласы, Республика даңғылы, 1 мекенжайы бойынша орналасқан.

«Qarmet» АҚ «Пауэр Нетворкс» ЖШС жалғыз құрылтайшысы болып табылады.

«Пауэр Нетворкс» ЖШС қызметінің мақсаттары:

1. Электр энергиясын беру, тарату.
2. Жабдықтың сенімді жұмысын қамтамасыз ету және тұтынушыларды үздіксіз электрмен жабдықтау.
3. Қосалқы станциялардың шиналарында кернеудің қалыпты деңгейін ұстап тұру, электр желілері жұмысының барынша үнемділігін және электр энергиясын беру мен таратудың ең аз өзіндік құнын қамтамасыз ету.

«Пауэр Нетворкс» ЖШС кәсіпорындарды үздіксіз электрмен жабдықтауды қамтамасыз ете отырып, Қарағанды облысының Теміртау энергия торабында қызметтер көрсетеді. Электр желілеріне қызмет көрсету ұзындығы 146,46 км құрайды. 6 трансформатор орнатылған 3 қосалқы станциясы бар. Қызметкерлердің саны 34 адамды құрады. 2024 жылдың басынан бері «Пауэр Нетворкс» ЖШС желілеріне 21 тұтынушы қосылған, оның ішінде 21 заңды тұлға. Реттелмейтін энергиямен жабдықтаушы ұйымдарды энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алу жөніндегі қызметке лицензиялардың тоқтатылуына байланысты 2024 жылғы 1 сәуірден бастап "Пауэр Нетворкс" ЖШС желілеріне 11 тұтынушы қосылды, оның ішінде заңды тұлғалар – 11.

«Пауэр Нетворкс» ЖШС қызметінің 2024 жылғы негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштері

Кірістер -56 639 473 теңге

Есепті кезеңде көрсетілген реттеліп көрсетілетін қызметтерден түскен кіріс 56 639 473 теңгені құрады. Көрсетілген қызметтер үшін тұтынушылармен есеп айырысу кезінде кәсіпорын мынадай тарифтерді қолданды: ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Қарағанды облысы бойынша басқармасының «Электр энергиясын беру және тарату қызметтеріне тариф пен тарифтік сметаны бекіту туралы» 28.01.2008 жылғы №17 бұйрығына сәйкес тариф ҚҚС-сыз 1 кВт сағ үшін 0,057 теңгені құрады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика табиғи монополияларды реттеу комитеті департаментінің 20.07.2023 жылғы №87-ОД бұйрығына сәйкес Серіктестік үшін 2023 жылғы 1 қыркүйектен 2024 жылғы 1 қыркүйекке дейін ҚҚС-сыз 1 кВт сағ үшін 0,0387 теңге мөлшерінде уақытша өтемдік тариф енгізілді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика табиғи монополияларды реттеу комитеті департаментінің 28.10.2024 жылғы №152-ОД бұйрығымен Серіктестікке 2024 жылғы 1 желтоқсаннан бастап 2025 жылғы 1 желтоқсанға дейін ҚҚС-сыз 1 кВт сағ үшін 0,0446 теңге мөлшерінде уақытша өтемдік тариф бекітілді.

Шығындар –1 171 957 281 теңге

Оның ішінде:

Амортизация – 34 182 791 теңге.

Еңбекақы қоры – 121 492 085 теңге.

Негізгі құралдар құнының өсуіне алып келмейтін жөндеулер – 33 282 410 теңге.

Негізгі құралдар құнының өсуіне әкелетін жөндеулер – 209 616 285 теңге.

Электр жабдықтарына техникалық қызмет көрсету – 38 647 033 теңге.

Электр энергиясының көтерме сауда нарығы – 599 078 796 теңге.

Электр энергиясының бөлшек сауда нарығы – 114 250 965 теңге.

Басқа да шығындар – 21 406 916 теңге.

Көрсетілген қызметтердің көлемі

«Пауэр Нетворкс» ЖШС тұтынушылары энергиямен жабдықтаудың бөлшек және көтерме нарықтарында энергиямен жабдықтауды жүзеге асыратын энергиямен жабдықтаушы және энергия жеткізуші ұйымдар болып табылады.

Ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің, яғни электр энергиясын беру және тарату көлемі 2024 жылы олардың ішінде 1 252 407 591 кВт сағ құрады:

- «Qarmet» АҚ - 535 285,471 мың кВт сағ.;
- «Adal Electro» ЖШС - 257 942,127 мың кВт сағ.;
- «Компания Эрго» ЖШС - 4,390 мың кВт сағ.;
- «Куат Энергия» ЖШС - 8 091,614 мың кВт сағ.;
- «КарЭнергоСбыт» ЖШС - 1 798,655 мың кВт сағ.;
- «Казэнергоцентр» ЖШС - 31,700 мың кВт сағ.;
- «Оқжетпес-Т» - 47 583,810 мың кВт сағ.;
- «Караганда Энергосбыт» ЖШС - 2 503,756 мың кВт сағ.;
- «КарПромЭнерго» ЖШС - 2 284,203 мың кВт сағ.;
- «НК КТЖ» АҚ– 1 884,987 мың кВт сағ.;
- «АВ Energo» ЖШС – 20 166,300 мың кВтч.;
- «ТЭМК» АҚ - 75 585,475 мың кВтч.;
- «ЭнергоСбытКонтракт» ЖШС – 11,783 мың кВт сағ.;
- «Электржабдықтау» ЖШС – 55,645 мың кВт сағ.;
- «Линде Газ Казахстан» ЖШС – 298 232,086 мың кВт сағ.;
- «Теректы Энерго» ЖШС – 166,272 мың. кВт сағ.;
- «Қаныш Сәтбаев атындағы канал» филиалы – 7,012 мың кВт сағ.;
- «Нұра Энергия» ЖШС - 675,533 мың кВт сағ.;
- «Есеп айырысу сервис орталығы» ЖШС - 96,772 мың кВт сағ.;
- «КРЭК» ЖШС, «Green power Solution» ЖК - 0,000 мың кВт сағ.

Қызметтерді тұтынушылармен жұмыс

Кәсіпорын тұтынушылардың жаңа қуаттарын «Пауэр Нетворкс» ЖШС желілеріне қосуға техникалық шарттар береді. 2024 жылы 3 тұтынушыға техникалық шарт берілді, оның ішінде: заңды тұлғаларға - 3.

Қызмет келешектері туралы

1. 2025 жылғы жөндеу компаниясын орындау.

2. 2025-2029 жылдарға арналған реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтің шекті деңгейін бекіту.

3. Ұзақ мерзімді кезеңге арналған инвестициялық бағдарламаны әзірлеу және бекіту.

Тұтынушыларға реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы бойынша түсініктемелер

«Пауэр Нетворкс» ЖШС реттелетін қызметтерге қол жеткізудің тең шарттарында уәкілетті орган бекіткен тарифті ескере отырып, электр энергиясын жеткізу және (немесе) тарату бойынша көрсетілетін қызметтердің сапасына қойылатын талаптарға сәйкес тұтынушыларға жалпыға бірдей қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді. Қызметтер көрсету Тараптар жасасқан шарттардың және қабылданған шарттық өзара міндеттемелердің талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Кәсіпорын тұтынушылардан көрсетілетін қызметтер үшін төлемдерді банктер арқылы қабылдайды.

«Пауэр Нетворкс» ЖШС тұтынушылар тарапынан көрсетілетін қызметтердің сапасына 2024 жылы шағымдар мен наразылықтар түскен жоқ.

«Пауэр Нетворкс» ЖШС
бас директоры



В.М.Шульжик